ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ВНУТРЕННИХ ДЕЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы,
Тәуелсіздік даңғылы, 1
тел.: 8 (7172) 72 22 31
электрондық мекенжай: kense@mvd.kz
20____ж._____№_____
_____

010000, город Астана
проспект Тәуелсіздік, 1
тел.: 8 (7172) 72 22 31
электронный адрес: kense@mvd.kz

Қазақстан Республикасы
Құрылтайының депутаттарына

2026 жылғы 6 қарашадағы
№ДЗ-96 сұрау салуға

Құрметті депутаттар!

Ішкі істер министрлігі жәбірленушілерге өтемақы тағайындау және төлеу тетігін жетілдіру мәселелері жөніндегі депутаттық сауалды қарап, тиісті ақпаратты жолдайды.

Қосымша: 4 парақта.

Министр **Е. Саденов**

орын. А. Шугаев
тел. 72-22-53
э/п: a.shugaev@mvd.gov.kz

Қосымша

Ішкі істер министрлігі *(бұдан әрі – Министрлік)* жәбірленушілерге өтемақы тағайындау және төлеу тетігін жетілдіру мәселелері жөніндегі депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлайды.

Өтемақы төлемдерін кешіктірудің негізгі себептері – қажетті мәліметтердің уақытында ұсынылмауы немесе толық ұсынылмауы, банктік деректемелердің болмауы не дұрыс көрсетілмеуі, сондай-ақ жәбірленушілердің дербес деректері мен алушылар тізілімдеріндегі қателіктер болып табылады.

Көрсетілген мән-жайлар төлемдердің кері қайтарылуына, деректерді қайта нақтылау қажеттілігіне және ақшалай қаражатты аудару мерзімдерінің ұзаруына әкеп соғады.

Аталған кемшіліктерді жою мақсатында Тергеу департаменті өтемақы тағайындау үшін жолданатын мәліметтердің толықтығы мен анықтығын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізуде.

Жалпы, жәбірленушілерге төленетін өтемақы мөлшерін ұлғайту туралы ұсыныс қолдау тапты.

«Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» ҚРЗ *(бұдан әрі – Қор)* 7-бабына сәйкес өтемақы мөлшері жәбірленушілер санатына қарай 30, 40 және 50 АЕК шегінде белгіленген.

АЕК мөлшерінің жыл сайын өзгеріп отырғанына қарамастан, тиісті нормалар қолданысқа енгізілген кезден бастап Қор көздеген өтемақы мөлшері еселенген түрде *(30, 40 және 50 АЕК)* қайта қаралмаған.

Дәрілік заттар, медициналық қызметтер, емдеу, оңалту және жерлеу қызметтері құнының өсуін ескере отырып, төлем мөлшерін екі есеге: 30-дан 60-қа, 40-тан 80-ге және 50-ден 100 АЕК-ке дейін ұлғайту орынды деп саналады.

Аталған ұлғайту жәбірленушілерге көрсетілетін материалдық қолдауды күшейтуге және қылмыстық құқық бұзушылықтар салдарынан туындайтын нақты шығындарды барынша ескеруге мүмкіндік береді.

Министрлік бұған дейін де жәбірленушілерге өтемақы тағайындау және төлеу процесін цифрландыру мәселесін бірнеше рет көтерген болатын.

Мысалы, ҚСжАЕК-г жолданған хатта (2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 4-4-4-6-51/4852-И хаты) өтемақы алушылардың тізілімдерін қалыптастыруды автоматтандыру, Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінің мәліметтерін пайдалану және жәбірленушілерге өтемақы алу құқығы туралы SMS-хабарламалар жіберу жөнінде ұсыныстар жолданған.

Ұсынылған шараларды іске асыру мәліметтерді өңдеу мерзімдерін қысқартуға, қателер мен қайталама өтініштер санын азайтуға, сондай-ақ өтемақы төлеу рәсімінің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа ПӘ БП тапсырмасын орындау шеңберінде жәбірленушілерге өтемақы төлеу қоры туралы заңнаманы жетілдіру, оның ішінде тиісті рәсімдерді цифрландыру мәселелері пысықталуда.

Қор туралы заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес жәбірленушілерге төленген қаражатты өтеу жөніндегі кінәлі адамдарға қойылатын регрестік талаптарды мемлекет мүддесін сотта білдіру және қорғау шеңберінде прокуратура органдары қояды.

Осыған байланысты Қор қаражатын қайтарудың жеткіліксіз болуының себептерін талдау және регрестік өндіріп алу тетігін жетілдіру мәселелері Бас прокуратураның құзыретіне жатады.

Осылайша Министрлік өтемақы мөлшерін ұлғайту және оны тағайындау мен төлеу рәсімдерін одан әрі цифрландыру жөніндегі ұсыныстарды қолдайды. Регрестік өндіріп алу мәселелері бойынша ұсынысты қарау прокуратура органдарының құзыретіне жатады.

Приложение

Министерство внутренних дел *(далее-Министерство)*, рассмотрев депутатский запрос по вопросам совершенствования механизма назначения и выплаты компенсаций потерпевшим, сообщает следующее.

Основными причинами задержек компенсационных выплат являются несвоевременное либо неполное представление необходимых сведений, отсутствие или некорректность банковских реквизитов, а также ошибки в персональных данных потерпевших и реестрах получателей.

Указанные обстоятельства приводят к возврату платежей, повторному уточнению данных и увеличению сроков перечисления денежных средств.

В целях устранения обозначенных недостатков Следственным департаментом проводится работа по обеспечению полноты и достоверности сведений, направляемых для назначения компенсации.

В целом, предложение об увеличении размеров компенсационных выплат потерпевшим поддерживается.

В соответствии со ст.7 ЗРК «О Фонде компенсации потерпевшим» *(далее – Фонд)* размеры компенсации установлены в пределах 30, 40 и 50 МРП в зависимости от категории потерпевших.

Несмотря на ежегодное изменение величины МРП, предусмотренные Фондом размеры компенсации в кратном выражении *(30, 40 и 50 МРП)* с начала применения соответствующих положений не пересматривались.

С учетом роста стоимости лекарственных средств, медицинских услуг, лечения, реабилитации и ритуальных услуг представляется целесообразным увеличить размеры выплат вдвое: с 30 до 60, с 40 до 80 и с 50 до 100 МРП.

Указанное повышение позволит усилить материальную поддержку потерпевших и в большей степени учитывать фактические расходы, возникающие вследствие уголовных правонарушений.

Министерством ранее неоднократно инициировался вопрос цифровизации назначения и выплаты компенсаций потерпевшим.

К примеру. Письмом (№ 4-4-4-6-51/4852-И от 30 декабря 2024 года) в КПСиСУ направлены предложения по автоматизации формирования реестров получателей компенсации, использованию сведений Единого реестра досудебных расследований и SMS-информированию потерпевших о праве на компенсацию.

Реализация предложенных мер позволит ускорить обработку сведений, сократить количество ошибок и повторных обращений, а также повысить прозрачность процедуры выплаты компенсаций.

Кроме того, в рамках исполнения поручения АП ГП прорабатываются вопросы совершенствования законодательства о Фонде компенсации потерпевшим, включая цифровизацию соответствующих процедур.

Согласно п.1 ст.11 Фонда регрессные требования к виновным лицам о возмещении средств, выплаченных потерпевшим, предъявляются органами прокуратуры в рамках представления и защиты интересов государства в суде.

В этой связи, анализ причин недостаточного возврата средств Фонда и вопросы совершенствования механизма регрессного взыскания относятся к компетенции ГП.

Таким образом, Министерство поддерживает увеличение размеров компенсации и дальнейшую цифровизацию процедур ее назначения и выплаты. Предложения по регрессному взысканию подлежат рассмотрению с учетом компетенции органов прокуратуры.